



«Арқалық қаласындағы облыстық
№ 2 әмбебап ғылыми кітапхана» КММ



Кітапхана тынысы

Библиодайджест



Арқалық қаласы
2022 жыл



Кітапхана тынысы

Шығарылды
шілде 2022 ж.
Библиодайджест № 2

КММ Арқалық қаласының облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы

Мазмұны

- ✚ БИБЛИОГИД
- ✚ АТАУЛЫ КҮНДЕР
- ✚ МЕРЕЙТОЙЛАР
- ✚ ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ОҚИҒАЛАР
- ✚ БОЛАШАҚҚА ЖОСПАР

1 бөлім

- ✚ Библиогид

«Алаштың қайраткер қызы»



Алаштың қайраткер қызы

Ағартушы - педагог, журналист,
этнограф,
аудармашы
Назипа Құлжанованың
туғанына 135 жыл

Құлжанова Назипа Сағызбайқызы ХХ ғасырдың басында өз халқын ілімге, мәдениетке шақырып, жаңалықтың жаршысы болған халқымыздың көрнекті ағартушысы, алғашқы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізін қалаған тұңғыш педагог, әрі – журналист-публицист. Педагог - ағартушының 135 жылдығына арналған «Алаштың қайраткер қызы» тақырыбында мерейтой көрмесі ұсынылды.



«Жемқорлық түбі – қорлық»



Оқу залы бөлімінде «Парасат жолы» жобасы бойынша «Жемқорлық түбі – қорлық» тақырыбында кітап сөресі ұйымдастырылды. Сөреге еліміздегі жемқорлықпен күрес жөніндегі ҚР нормативті-құқықтық актілері, мемлекеттің бұл құбылыспен күрес туралы қолданылатын шаралары жайлы кітаптар және мерзімді басылым беттерінен мақалалар қойылды. Аталған сөренің мақсаты өскелең ұрпақты Қазақстандық патриотизмге және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа мүлдем төзбеушілікке тәрбиелеу. Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп қара қылды қақ жарып, турасын айтып, әділдікке жүгінген қаймана халықтың ұрпағы бүгінгідей өз алдына ел болып, еңсесі биік дамыған мемлекеттердің қатарына жетуді көздеп отырған шақта сол адами қалып-парасат биігінен көрінуге тиіспіз.



«Спорт- бейбітшілік елшісі»

Елімізде жыл сайын тамыз айының үшінші жексенбісінде Спортшылар мерекесін атап өту игі дәстүрге айналған. Спорт саласы Қазақстанда кең қолдауға ие. Елде спорттың дамуына бұқаралық спорт қозғалысын кеңейтуге, спорттағы жетістіктерді ынталандыруға бағытталған саясат ықпал етуде. Осыған орай, біздің кітапхана «Спорт- бейбітшілік елшісі» атты виртуалды кітап көрмесіне шолу дайындады. Халқымыз ежелден денсаулықтың қадірін жете түсініп, оны басты байлыққа балаған. Дені сау ұлт бәсекеге қабілетті болады. «Арқалық қаласындағы № 2 ОӘҒК» қызметкерлері «Спорт – путь к силе и здоровью» денсаулық сағатына белсенді қатысты.



«Конституция-кемел келешек кепілі»

Конституция-кемел келешек кепілі



Қазақстан Республикасы Конституциясы күніне орай "Конституция-кемел келешек кепілі" тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеде Ата Заңымыздың айшықты беттерінен көрініс беретін кітаптар мен ақпараттық басылымдар оқырман назарына ұсынылды. Мақсаты: Ата Заңымыздың маңыздылығы мен тарихы туралы әдебиеттерді насихаттай отырып, Ата Заңды құрметтеуге тәрбиелеу.



«Білім күні - кітапхана бойынша экскурсия»



1 қыркүйек Білім күні № 2 ОӘҒК дәстүрлі түрде оқушылар үшін таныстыру экскурсиясы өтті. Олар үшін Ашық есік күні дайындалды. Бағдарламаға мыналар енгізілді: кітапхана бойынша таныстыру экскурсиясы, кітап жаңалықтарына шолу, кітап көрмелерін қарау, кітапхана қызметтері туралы ақпараттық материалдарды тарату. Кітапхана бойынша

таныстыру экскурсиясы Ш.Уәлиханов атындағы № 1 ОМ 11 сынып және Абай Құнанбаев атындағы № 6 ОМ 7, 8 сынып оқушылары үшін өтті. Барлық бөлімдердің кітапханашылары оқушыларға кітапхананың тарихы мен жұмысы туралы айтып, ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына «Ұлылар мұрасы-ұрпаққа өнеге», «Жыл таңдауы-Ахмет мұралары», «Қазақ халқының ұлы көсемі» атты кітап көрмелеріне шолу жасады. Абонентте кітапханашы Г. Карбозова балаларға кітапхана ережелері, алфавиттік және жүйелі каталогтар не үшін қажет екендігі туралы айтып берді, «Бір ел-бір кітап» акциясы бойынша кітап көрмесіне шолу жасады. Сервистік-ақпараттық сектордың меңгерушісі Р. Грибовский кітапханадан алуға болатын қызметтер туралы айтты. Бұл Интернет-қызметтерді ұсыну: кез келген қызықтыратын ақпаратты алу мүмкіндігі, кітапхана қорының ксерокөшірмесін жасау, компьютерде өз бетінше жұмыс істеу, мәтінді теру және редакциялау, презентацияларды ресімдеу, құжаттарды сканерлеу және т. б. «Білім орталығы» орталығының кітапханашылары барлық жастағы оқушыларға арналған әдебиеттер ұсынылған ақпараттық-көрме безендірді. Жарқын, көркем энциклопедиялар, оқу құралдары, анықтамалықтар кітапханамыздың көптеген оқырмандарының назарын аударды. Қатысушылардың әрқайсысы пайдалы ақпарат алды. Көрме үлкен қызығушылық тудырды және күні бойы жұмыс істеді. Кітапханашылар балаларды білім күнімен құттықтап, оқуда табыс және көтеріңкі көңіл-күй тіледі.

«Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі»

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауын талқылау Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 1 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан халқына «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты жыл сайынғы Жолдауын жариялады. Осыған орай 7 қыркүйекте «Арқалық қаласындағы № 2 ОӘФК» КММ ұжымында Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың Жолдауы талқыланды. К.Б. Бөрібаева іс-шараны Президент Қ. Тоқаевтың кіріспе сөзін арқау ете отырып бастап, Басшының орынбасары Р.Ж. Жанғалиева саяси құрылымдағы өзгерістер ел экономикасына да, қазақстандықтардың жалпы әл-ауқатына да оң әсер ететінін атап өтті. Іс-шара аясында Жолдаудың негізгі бағыттары бойынша кітапхана қызметкерлері С.А. Алматова, А. Т. Торгаева, А. А. Тануева, Г. К. Сейтхожина, Р. А. Грибовский баяндама жасады. Кітапханашылар Президент Жолдауында қойылған міндеттерді жүзеге асыру бойынша пікір алмасты. Әділ Қазақстанды құруда Президент Қ.К. Тоқаев қазақстандықтарды бір мүддеге топтасуға үндеп: «Барлық отандастарымды жалпыұлттық мүдделер төңірегінде топтасуға шақырамын. Біз әрқайсымыз бірлікті жан-жақты нығайтып, әділеттілік қағидаттарын берік ұстанатын күшті және табысты ұлт боламыз» деген болатын. № 2 ОӘФК ұжымы Мемлекет басшысының бастамаларын толық қолдайды, өйткені бүгінгі таңда еліміздің одан әрі жаңғыруы, тиімді дамуы мен болашағы халықтың бірлігі мен бірлігіне байланысты.



«Кітапхана-руханияттың алтын көпірі»

Қаладағы колледждер мен орта мектептердің 1 курс студенттеріне арналған «Кітапхана – руханияттың алтын көпірі» тақырыбында ақпарат күні өткізілді. Бұл шара бірінші курс студенттерін кітапхана жұмысымен, оның бай тарихымен, кітапхана бөлімдерімен таныстыру мақсатында ұйымдастырылды. Ақпарат күні кең көлемді, мазмұнды жоспар аясында өтті. Бірінші курс студенттерін кітапхананың барлық бөлімдерінің жұмысымен таныстырдық. Екінші қабатта өткен экскурсия барысында «Бір ел - бір кітап» акциясы аясында биыл бүкілхалықтық оқуға ұлт ұстазының 150 жылдығына орай таңдалған Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығын паш еткен кітап көрмесімен таныстырдық. Абонемент бөлімінде студенттер «Тәуелсіздіктің дара жолы» жылдың басты көрмесімен таныстырылып, Нәзипа Құлжанованың туғанына 135 жыл толуына арналған «Алаштың қайраткер қызы» атты көрмедегі әдебиеттерге шолу жасалды. Сондай-ақ жерлес ақын Сырбай Мәуленовтың туғанына 100 жыл толуына арналған «Сырлы өленнің Сұлтаны» көрмесі көрсетіліп, ақынның мол мұрасымен ой толықтырды.



«Ұлт намысы»



Қазіргі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі Шерхан Мұртазаның туғанына 90 жыл толуына орай «Ұлт намысы» тақырыбында көрме – арнауды назарларыңызға ұсынамыз. Ш. Мұртаза туған елінің мәңгі үлгі тұтар бірегей тұлғасы. Оның шығармашылығы – ұлт тағдыры мен болашағының, оның ғұмырнамасының айнасы. Замана көшін алға сүйреп, өз дәуірінің тамырын басып қалам тербеген арда азаматы. Артына қалдырған мол мұрасы қазақ мәдениеті мен әдебиетінің дамуына үлкен ықпал жасады.



2 бөлім

✚ Атаулы күндер

«Есіл жағасындағы-ғасыр қаласы»

Оқу залында 6-шілде Елорда күніне арналған «Есіл жағасындағы-ғасыр қаласы» тақырыбында зияткерлік ойын өткізілді. 4 кезеңнен тұратын ойынға кітапханашылар және кітапханамыздың тұрақты оқырмандары Ихсан Данияр мен Ернұр Әуезхан қатысты. Өз білімдерімен тапсырмаларды мүдірмей орындап, белсенділік танытқан қатысушылар сыйлықтарға ие болды.




Кітапхана тынысы

Шілде - желтоқсан

«Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы...»

Қазақстанда 10 тамыз Абай күні ретінде атап өтіледі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 4 тамыздағы қаулысымен бұл күн Абай күні деп жарияланған болатын. Осы орайда кітапханамызда жоспарлы түрде Абай күніне арналған іс-шаралар өткізілуде. Атап айтсақ: "Абай әлемі-мәңгілік" кітап көрмесі, көрме бойынша шолулар, Абай шығармашылығы бойынша викториналар жүргізіліп, ақын өлеңдерінен үзінділер оқылды. Біздің кітапханада жыл сайынғы



дәстүрлі әдеби бульварларды өткізу

игі дәстүрге айналды Ағымдағы жылы да Әдеби бульварға шыққан болатынбыз. "Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы..." тақырыбындағы әдеби бульвар демалыс саябағынан бастау алды. Әдеби бульварда Абай шығармашылығына арналған "Абай әлемі – мәңгілік" кітап көрмесі таныстырылып, кітапханашылар Абайдың өмірі мен шығармашылығы, оның шығармашылығына тән ерекшеліктері туралы қызықты деректермен бөлісті. Әдеби бульварға қатысушылар автордың өлеңдерін мәнерлеп оқыды.

Жастар Абай шығармашылығына арналған викториналар мен сын сауалдарға белсенді жауап берді. Ұлы Абайдың артында тамаша туындылар қалды. Олар оның бүкіл өмірін, жарқын болашақ туралы армандарын бейнелейді. Оның жалынды өлеңдері мен дана "Қара сөздері" ешқашан өзінің құндылығын жоғалтпайды.

Өлеңдер мен қара сөздер



Абайтану бөлімі



«Ата заң – елдің айбыны, еркіндігі, байлығы»

30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне орай, мемлекеттік маңызға ие төл құжатымызды насихаттау мақсатында «Ата заң – елдің айбыны, еркіндігі, байлығы» тақырыбындағы виртуалды саяхат көрермен назарына ұсынылды.



«1 қазан - Халықаралық қарттар күні»

Кәсіподақ ұйымының ұйымдастыруымен 1 қазан - Халықаралық қарттар күні қарсаңында мерекелік іс-шара өткізілді. Кешке кітапханада әр жылдары қажырлы еңбек еткен құрметті зейнеткерлеріміз шақырылды. Мерекелік дастархан басында өнегелі әңгіме айтылып, әннен шашу шашылды. Естеліктер мен жылы лебіздерге толы керемет жүздесу болды. Кеш соңында ұжым басшысы Қазына Байсабекқызы қонақтарға жүрекжарды тілегін, алғысын білдіріп, сый-сияпат көрсетілді.



3 бөлім

✚ Мерейтойлар

«Еңбегімен еліне еленген тұлға»



Кәсіптік техникалық білім ісінің үздігі Арқалық қаласының Құрметті азаматы Досжанов Хамит Кәмәлиұлының 85 жас мерейтойына арналған «Еңбегімен еліне еленген тұлға» атты тұлғатану айдары ұсынылды.



«Өлкенің біртуар нар тұлғасы»

Шаруашылық және қоғам қайраткері, Қазақ КСР кәсіптік-техникалық білім беру ісінің үздігі Досжанов Хамит Кәмәлиұлының туғанына 85 жас толуына арналған «Өлкенің біртуар нар тұлғасы» атты жаднамаға онлайн шолу жасады.

1937 жылдың 1 қыркүйегінде Аманкелді ауданы, Қостанай облысының Үрпек ауылында туып өскен. Хамит Кәмәлиұлы Досжанов кезінде Иманов атындағы колхоздың экономикасының өсуіне өзіндік үлес қосқан, еңбегі сінген азамат. Үрпек ауылында 1952- 1955 жылдары Рахманов Әбілтай, Шойбеков Бірназар құрған құрылыс бригадаларында жұмыс істеп Үрпек ауылында оннан астам үйлердің, колхоз кеңсесінің, электр станциясының құрылыстарын салуға қатынасты. 1959 жылы колхоздың комсомол ұйымына басшылық жасаған ол, 1962 жылға дейін Иманов атындағы совхоздың комсомол комитетінің хатшысы қызметін атқарды. 1962 жылдан 1964 жылға дейін Ағаштыкөл бөлімшесінің меңгерушісі болып жүріп, сол жердегі қойды 12 мың басқа, ірі қараны 2500 басқа жеткізіп, Көкөлең деген жерге 10 мың гектар жерге егін екті. Осылайша Иманов атындағы совхоздың мал шаруашылығымен қатар егін шаруашылығын дамытуға белсене араласты. 1969 жылдан 1975 жыл аралығында бүгінгі Қарасу, кезіндегі Коммунизм жолы совхозындағы 30 мыңға жеткізуге, егіннің 15 мың гектар көлемінде болуына жағдай жасаған басшы болды. Шаруашылық өзінің құрылған 1960 жылынан бастап үнемі зиян шегіп келген болса, 1970 жылдан бастап әр жылын табыспен аяқтайтын, ісі ілгері басқан шаруашылыққа айналды. Бұл табыстарға Хамит Кәмәлиұлы Досжановтың қосқан үлесі ерекше. 1976 жылдан 1990 жылға дейінгі 15 жыл бойы директор болып жұмыс істеген Хамит Кәмәлиұлы Досжанов Аманкелді селосындағы кәсіптік-техникалық училищені облыс, Республика, одақ көлеміндегі үздіктер қатарына қосты. Сол жылдары осы кәсіптік-техникалық училищеде 400-500 көлеміндегі аудан жастары механизаторлық, сыршы, сылақшы, аспазшы мамандықтарына оқып шықса, олардың көбісі жоғары



оқу орындарына түсіп жоғары білім алғаннан кейін ауданға келіп, ел игілігіне табысты еңбек етті. Кәсіптік-техникалық училище 1977 жылы ВЦСПС-тің құрмет грамотасымен наградталды. 1979 жылы ВЛКСМ мен СССР кәсіптік-техникалық білім беру мемлекеттік комитетінің қызыл туына ие болды. 1982 жылы ВЦСПС-тің дипломымен марапатталды. 1987 жылы Торғай облысының құрмет тақтасына жазылды. Ал, Хамит Кәмәлиұлы Досжанов осы жылдары Қазақстан Компартиясы, Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің, Қазақ ССР Жоғары Кеңесі Президиумының Алтын Құрмет кітабына жазылды. 1988 жылы Қазақ ССР кәсіптік-техникалық білім беру ісінің үздігі медальмен марапатталды.



Хамит Досжанов қызы Қаламтыр, жиені, жүйбайы Майрамен



Хамит аға достарымен

«Әлемнің Әуезові»



Балалар әдебиеті бөлімінің ұйымдастыруымен қазақтың ұлы жазушысы, қоғам қайраткері Мұхтар Әуезовтің туғанына 125 жылдық мерейтойына арнап жазушының өмірі мен шығармашылығын оқырмандарға насихаттау мақсатында «Әлемнің Әуезові» атты танымдық сағатын Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектептің оқушыларымен өткізілді.



«Ұлт рухының шырақшысы»

Бүгін кітапханамызда Қазақстанның халық ақыны, «Түрік халықтары арасынан шыққан ең үздік әлем ақыны» атағының иегері Мұхтар Шахановтың шығармашылығына арналған «Ұлт рухының шырақшысы» атты поэзия кеші өткізілді. Ақынның жарық жұлдыздардың қараңғы түн қойнауынан сәулесін шашқандай жарқырай түсетін шығармашылық әлемін насихаттап, патриоттық жырлары арқылы оқырмандарға рух сыйлау мақсатында ұйымдастырылған кешімізге Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің бірінші курс студенттері атсалысып, өз оқу шеберліктерін көрсете білді. «Поэзия әсемдікті мүсіндеу» демекші, кеш барысында ақынның тіл жайлы толғанысы мен тарихты тізбектеген рухты жырлары оқылып, қазіргі заманауи өзекті мәселелерді қозғаған өлең шумақтары бейнебаяннан тамашаланды. Сондай-ақ кеш қонақтары бүгінгі әлемдік өркениет тағылымдарын пайымдауға өзінің қайталанбас қолтаңбасын қалдырған сан қырлы талантты философ ақынның ғибратты мазмұнға толы шығармашылық әлеміне саяхаттап, әсем әні мен көркем жырына қанық болды. Кеш соңында «Ұлт рухының шырақшысы» тақырыбындағы ақынның шығармашылығын паш еткен кітап көрмесі насихатталып, бөлім меңгерушісі Назира Нұрсұлтанқызы кеш қонақтары мен кешімізге атсалысқан оқырмандарымызға, келешек жас ұрпаққа ұйымшылдық қасиетті дарытқан Бірмақанова Жанар Хамитқызына өз алғысын білдірді.

«Ұлт рухының шырақшысы» поэзия кеші



«Азаттық рухының алтын адамы»

Қазақтың ұлы жазушысы, белгілі қоғам қайраткері М.О.Әуезовтің туғанына 125 жыл толуына орай, абонемент бөлімінің ұйымдастыруымен Назипа Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің жатақханасының жиналыс залында «Азаттық рухының алтын адамы» атты әдеби кеш өткізілді. Мақсаты – жазушының артында қалған мол мұрасын зерделеп, студенттерді ұлылардың өмірінен үлгі алуға баулу, және біздің кітапханамыздың қорындағы жазушы туралы барлық әдебиеттерді ұсыну. Бүгінгі әдеби кешімізде Әуезов әлемі – өткені мен болашағын тарихи қазіргі заманмен байланыстыратын алтын көпір. Әуезовтің арқасында әлем тек Абай туралы ғана емес қазақ тілінің шұрайлы халқымыздың бай тарихы ұлттық құндылықтары, сан ғасырлық өшпес рухы туралы да білді. Әдебиеттің асқары іспеттес тұлғаның өмірі де, өзі де дара, дана. Іс – шарада студенттерге жазушының өмірі, шығармашылық, қызметтік жолдары және кітап көрмесіне шолу жасалды.



«Елдің алып тұлғасы»

Қиялы ұшқыр, қаламы жүйрік қаламгер Төлен Әбдікұлының 80 жасқа толуына орай үздік жанның үлгі болар өмірі мен шығармашылығын насихаттау мақсатында «Елдің алып тұлғасы» атты әдеби кеш өткізілді. Кешіміздің құрметті қонағы өлкетанушы, қолөнер шебері Шөптібай Байділдаұлы жазушы жайлы естеліктерімен бөлісті. Іс-шарамызға Арқалық педагогикалық институтының және тәрбиешілерінің ұйымдастыруымен Торғай гуманитарлық колледжінің студенттері атсалысты. Кеш шымылдығы күмбірлеген күймен ашылып, студенттеріміз жазушы шығармалары жайлы өз ойларымен бөлісіп, ерекшеліктерін баяндады, әсем әнмен өрнектелген әдеби кеш оқырман көңілінен шықты деген үміттеміз. Төлен Әбдікұлы 2002 жылы президент жарлығымен "Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері" құрметті атағымен марапатталды. Сонымен қатар 2003 жылы Франц Кафка атындағы халықаралық сыйлығы мен алтын медалі берілді. 2004 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыйлығының иегері атанды. 2013 жылы "Парасат" ордені берілді. Қиялы ұшқыр суреткердің өзіндік қолтаңбасы аз жазса да, оқырманға терең ой тастайтындығымен, мәнді жазатындығымен, сөйлемдері қысқа әрі нұсқа болып келетіндігімен ерекшеленеді. Осы сынды іс-шаралардың оқырман қауымға берері мол, тәлім тәрбиеге толы.



«Ерлік пен махаббат жыршысы»

«Ерлік пен махаббат жыршысы» жазушы Әзілхан Нұршайықовтың 100 жылдығына орай, абонемент бөлімінің ұйымдастыруымен кітапханамыздың оқу залында «Махаббат, қызық, мол жылдар» атты оқырман конференциясы өткізілді. Оқырман конференциясы барысында жазушының өмірі мен шығармашылығын баяндайтын бейнеролик көрсетілді. Оқырмандардың ой толғамына әсер еткен автор шығармаларының ішіндегі маңыздысы шынайы махаббат тақырыбы болды. Өз кезегінде Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының студенттері Жусупова Раушан мен Абатайқызы Бибі «Махаббат қызық мол жылдар» шығармасына баяндама жасап, пікір алмасты. Шығарма кейіпкерлері Ербол мен Меңтайдың іңкәр махаббаты, кіршіксіз сезімі, сенімі, жастық шағы жөнінде тереңнен ой қозғалды. Сонымен бірге шығарманың көркем тілі, мазмұны кеңінен талқыланды. Қазіргі уақытта өскелең ұрпақтың тәрбиесіне қатысты ескі қоғаммен жаңа замандағы сезім айырмашылығы жайлы сұрақтар бойынша Назипа Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің студенттері өз пікірлерін ортаға салды. Конференция соңында әріптесіміз Айтбаев Еркінғазының орындауында М.Шахановтың сөзіне жазылған «Ең алғашқы махаббат» әні керемет әсерге бөледі.



4 бөлім

Жаңалықтар мен оқиғалар

Ахмет Байтұрсынұлының тіл мұрасы»

Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап – ғылыми кітапханасының қызметкері Жақия Гүлназ Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай Арқалық қаласы әкімдігінің қалалық тілдерді оқыту орталығының ұйымдастыруымен өткен «Ахмет Байтұрсынұлының тіл мұрасы» атты үздік мақалалар байқауына қатысып облыс бойынша жүлделі 3-ші орынды иеленіп, арнайы Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының дипломымен марапатталды.



«Көркемсөз – көңіл тілі»

Шілде айының алтысында кітапханамыздың қызметкері Жақия Гүлназ Ғасыр саңлағы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орай, қалалық тілдерді оқыту орталығының ұйымдастыруымен өткізілген, «Көркемсөз – көңіл тілі» байқауына қатысып жүлделі 1 орынға ие болды.



Ағарту ісінің қарлығашы

Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының әдістеме-библиография бөлімі ХХ ғасырдың басында өз халқын ілімге, мәдениетке шақырып, жаңалықтың жаршысы болған халқымыздың көрнекті ағартушысы, алғашқы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізін қалаған тұңғыш педагог, әрі – журналист-публицист, педагог, этнограф, аудармашы, Құлжанова Нәзипа Сағызбайқызының туғанына 135 жыл толуына арналған библиографиялық көрсеткіш әзірлеп

оқырман назарына ұсынды. Библиографиялық көрсеткішке Назипа Құлжанованың өмірі мен қызметі жайындағы мағлұматтар берілген. Көрсеткіштегі материалдар қазақ тілінде әзірленген. Бөлімдер Н. Құлжанованың мерзімді басылым бетіндегі жарияламдарының, оның өмірі мен шығармашылығы жайындағы кітаптары мен мақалаларының, сондай-ақ әңгімелері мен сұхбаттарының тізімінен тұрады. Әдебиеттер тізімі әліпбилік ретпен орналастырылған. Көмекші құрал ретінде есімдердің әліпбилік көрсеткіші берілген. Басылым көпшілік оқырман қауымға арналған. Құлжанова Нәзипа Сағызбайқызы (1887-1934) – педагог-ағартушы, журналистаудармашы, этнограф, Орыс Географиялық қоғамының мүшесі. 1887 ж. Торғай қаласында дүниеге келген. Ыбырай Алтынсарин негізін қалаған орыс-қазақ мектебінде оқыды. 1902 жылы Қостанай әйелдер гимназиясын бітірген. Нәзипа Құлжанованың бала тәрбиесіне байланысты педагогикалық тұрғыда жазған бірнеше кітаптары бар. 1923 жылы «Мектепке дейінгі тәрбие» деген кітабы Орынборда 4000 дана тиражбен басылып шығыпты. 1927 жылы «Ана мен бала» атты ғылыми педагогикалық еңбектер жазған.



«Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ
Әдістеме-библиография бөлімі

Ағарту ісінің қарлығашы



/ағартушы-педагог, журналист, аудармашы Нәзипа Құлжанова туғанына 135 жыл/

Библиографиялық көрсеткіш

«Ұлт ұстазына тағзым»



Қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері – Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арнап Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының әдістеме – библиография бөлімі «Ұлт ұстазына тағзым» атты библиографиялық көрсеткішті қалың оқырман қауым назарына ұсынылды. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының әлеуметтік өмірі мен мәдениетіне аянбай адал қызмет еткен ірі қайраткер, үлкен талант иесі, тарихта орны айрықша зор тұлға. Халқымыздың

болашағы үшін бар ғұмырын күресте өткізген арыстарымыздың артында қалдырған рухани мұрасын оқырманның, әсіресе жас ұрпақтың қолына жеткізу басты мақсатымыз болып табылады. Реформатор қайраткер, тілтанушы, әдебиетші Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы ЮНЕСКО-ның халықаралық атаулы даталарының күнтізбесіне енгізілді. Мұндай шешім еліміздің ұсынысы бойынша ЮНЕСКО-ның Бас конференциясының 41-інші сессиясы барысында қабылданды. Бұл библиографиялық құралға Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен қызметі және шығармашылығы жайында мағлұматтар берілген. Көрсеткіштегі материалдар қазақ тілінде әзірленген. Көмекші құрал ретінде есімдердің әліпбилік көрсеткіші берілген. Басылым ұлт тарихындағы аса көрнекті қайраткер-қаламгердің өмірін, қызметін, шығармашылығын білігісі келетін барша оқырман қауымға арналған.

«Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапхана» КММ
Әдістеме – библиография бөлімі

**ҰЛТ ҰСТАЗЫНА
ТАҒЗЫМ**

/Мемлекет қайраткері, ғалым, ағартушы, ақын, публицист/
Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл/

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШ

«Жыр жүректің жауһары»



Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы ақын, депутат, драматург, жазушы Мұхтар Шахановтың туғанына 80 жас толуына арналған библиографиялық көрсеткішін әзірлеп, оқырман назарына ұсынды. Библиографиялық көрсеткішке ақының өмір жолымен шығармашылығы жайындағы мағлұматтар берілген. Көрсеткіштегі материалдар қазақ тілінде әзірленген. Бөлімдер М. Шахановтың мерзімді басылым бетіндегі жарияламдарының, оның өмірі мен шығармашылығы жайындағы кітаптары мен мақалаларының, сондай-ақ әңгімелері мен сұхбаттарының тізімінен тұрады. Әдебиеттер тізімі әліпбилік ретпен орналастырылған. Библиографиялық көрсеткішке баспасөзде жарияланған мақалалар мен кітапхана қорында бар материалдар еңгізілген. Көмекші құрал ретінде есімдердің әліпбилік көрсеткіші берілген. Басылым көпшілік оқырман қауымға арналған .



«Арқалық қаласындағы облыстық
№ 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ
Әдістеме-библиография бөлімі

Жыр жүректің жауһары



/ақын, Қазақстан халық жазушысы, қоғам қайраткері
Мұхтар Шаханов туғанына 80 жас/

Библиографиялық көрсеткіш

«Кітапханатүні – 2022»



2022 жылдың 20 қазанында кітапхананың мәдени өміріндегі ең маңызды оқиғалардың бірі- "Кітапханатүні — 2022" акциясы өтті. Биылғы жылғы кітапхана түні біздің сүйікті қаламыздың туған күніне және Республика күніне арналды. Келушілерге арнайы мастер-класстар, кездесулер, ойындар, түрлі көрмелер мен зияткерлік сайыстар ұйымдастырылды. Кітапханашылар дайындаған жиырма алаң Арқалық қаласының тұрғындарына есігін айқара ашты. Кітапхана-бұл

оқырмандардың бір-бірімен сөйлесуге, оқуға уақыт бөлуге себеп. Кітапханашылар өз қонақтарына ұмытылмас мерекелік іс-шаралар дайындап, ешкімді жалықтырмайтындай мереке өткізуге тырысты. Олар кітапхананы бәрі мүмкін болатын орынға айналдырды: өз қолдарымен әртүрлі заттар жасап, өздерін эрудицияға тексеріп және көптеген жаңашылдықты үйренді. Кітапхана қонақтары мүмкіндігінше көп нәрсені көруге тырысты және көңілдерінен шықты деп ойлаймыз. Ашылу салтанатында қала әкімінің орынбасары Т. Ғ. Әубәкіров және басқа қонақтар барлық қатысушыларды мерекемен құттықтап, кітаппен дос болуға шақырды. Бірінші қабатта: "Қызықты ойындар қалашығына саяхат" библиоквесті,



«Мықты болсаң тауып көр!», «Ойнайық та, ойлайық!», Музыкалық караоке, дискотека, «Оқыда біл, ән айт та күл!», «Виртуалды саяхат», "Гүлдей жайна, Арқалық!", "3 Divny world" виртуалды агенттігі, "Мен және кітап әлемі" фотосессиясы және т.б. ойын-сауықтар өтті. Екінші қабатта: «Тарихы тағылымға толы Арқалық» сұрақ-жауап көрмесі, «Түнде оянған акция» ақпараттық алаңы «Бір ел, бір кітап-2022" аясында өтті. «Арқада Арқалықтай бір қала бар» атты әдебиет жәрмеңкесінде (әдеби ойындар, сұрақтар, интеллектуалды байқаулар, әдеби аукцион), және тағыда басқа іс-шаралар өтті. Үшінші қабатта "Ұлт тарихы - ұрпақ мақтанышы" деген тақырыпта Шөптібай Байділдаұлының "Тарихымызды түгендейік" атты кітабының тұсаукесері болды. , "Интеллектуалды түнгі кітапхана", «Ой сананды дамыт!» қара жәшіктегі сұрақтар, "Ән құшағындағы Арқалық" әуенді тап, библиокафе "Казынаға толы түнгі әлем", «Сұлулыққа іңкәрлік» сәндік дефиле-көрсетілім, "БиблиоFRESH" библиомозаика өтті.



«Қазақстанның құрметті кітапханашысы»

Республика күні қарсаңында Арқалық қаласының лайықты азаматтарын салтанатты марапаттау рәсімі өтті. Бұл өте символдық, өйткені осы жылдар ішінде қол жеткізгеніміздің бәрі әрбір жеке адамның еңбегінен құралады және патриотизм, өз ісіне берілгендік, Отан игілігі үшін қажырлы еңбек сияқты қасиеттер— лауазымы мен кәсібіне қарамастан барлық марапатталушыларды біріктіреді. «Қазақстанның құрметті кітапханашысы» төсбелгісімен № 2 ОӘҒК абонемент бөлімінің меңгерушісі Назира Нұрсұлтанқызы Абаканова және кітап сақтау бөлімінің меңгерушісі Нонна Рафаилқызы Горбачева марапатталды.



«Кітапхана. Қоғам. Мүгедек»

28.10.2022 ж. күні Әдістеме-библиография бөлімінің ұйымдастыруымен «Кітапхана. Қоғам. Мүгедек» тақырыбында аймақтық зерделі кеңес өткізілді. Зерделі кеңестің мақсаты: Заманауи қоғамда мүмкіндігі шектеулі жандардың әлеуметтік бейімделу мен олардың тұлғалық дамып өсуіне ат салысу, қоғамның бір бөлігі ретінде қалыптастыру. Зерделі кеңеске Арқалық ОКЖ, Жангелдин ОКЖ орталықтандырылған кітапхана жүйесінің қызметкерлері, қаламыздағы оқу орындарының кітапханашылары, мүмкіндігі шектеулі жандармен жұмыс жасайтын әлеуметтік сала қызметкерлері де қатысты. Зерделі кеңесті Облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасының басшысы Борибаева Қазына Байсабекқызы құттықтау сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тілеп жылы лебізін білдірді. Кеңес барысында психоневралогиялық ауруы бар мүгедек балаларға арналған күндізгі болу бөлімшесінің дефектологы Берік Асылжан «Күндізгі болу бөлімшесі мен кітапхана арасындағы іскерлік пен ынтымақтастық», Арқалық қаласы ОКЖ

библиографы Италмасов Айтжан Құрымғалиұлы «Мүмкіндігі шектеулі балаларды кітапқа бейімдеу арқылы сауықтыру», Жангелді аудандық кітапхана жүйесінің кітапханашысы Бижанова Роза Қуанқызы «Кітапханадағы мүмкіндігі шектеулі жандармен жұмыс», №2 ОӘФК балалар әдебиеті бөлімінің меңгерушісі Есмағамбетова Сандуғаш Қазыбекқызы, «Мүмкіндігі



шектеулі балалармен жұмысты ұйымдастыру ерекшеліктері», оқу залы бөлімінің кітапханашысы Қабылова Гүлнар «Кітапхана-ашық әлем» тақырыптарында баяндамалар тыңдалды. Шарадағы баяндамашылардың жұмыс барысы мүмкіндігі шектеулі балалармен одан әрі жұмыс жасап, дамытуды мақсат етті. Кеңес соңында кітапханашылар тақырып барысында

осы бағыттағы іс-тәжірибелерімен бөлісіп , өз ұсыныстарын да білдірді. Аймақтық семинардың қортынды бөлімінде кітапхана басшысы Қазына Байсабековна орталықтандырылған кітапхана қорларына «Қазақстанның көрнекті кітапханашылары» атты анықтаманы және желтоқсан оқиғасының қаһарманы Қуандық Ермұханбетұлының «1 жыл. 11 ай. 3 күн» атты кітабын сыйға тартты. Сондай ақ бір қатар кітапханашылар арнайы алғыс хаттармен марапатталды.



«24 қазан - кітапханашылар күні»



Биылғы жыл кітапханашылар қауымы үшін тосын сыйға толы болды, себебі ресми түрде 24 қазан - кітапханашылар күні болып бекітілді. Осы мереке аясында Қазақстандық салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағы атынан кітапханашыларымыз- Сейтқожина

Гүлнар
Кенжеғаз
ықызы
мен
Воронова
Ирина
Юрьевна,

қоғамның дамуына қосқан елеулі үлестері және жемісті еңбектері үшін Құрмет грамотасымен марапатталды. Ал, кітапхананың шаруашылық қызметкері - Асқапова Қалима Мағзұмқызы ұзақ жылғы адал еңбегі үшін Қостанай облыстық кәсіподақ филиалының Құрмет грамотасымен марапатталды.



«Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттың ұлы ұстазы»

Қазақтың біртуар перзенті Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО деңгейінде аталып өтілуде. Қасиетті Торғай топырағынан шыққан ұлағатты ұлт ұстазының еңбегін зерделеп, оның мол мұрасын ұрпақ санасына сіңіру баршамызға ортақ міндет. Соның бір айғағы бүгін қаламыздағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының әдістеме-библиографиялық бөлімінің ұйымдастыруымен Ә.Боранбаев атындағы кинотеатрында «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттың ұлы ұстазы» атты қалалық конференциясы өткізілді. Жиынға қала әкімнің орынбасары Түбекбай Гапсалықұлы Әубәкіров қатысып, құттықтау сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі. Конференцияда АрПИ доценті, магистр, аға оқытушы Ардақ Абдуллина, облыстық Дала өлкесі тарихы мұражайының ғылыми қызметкері Батырлан Сағынтаев, қаламыздағы орта мектеп ұстаздары Какимжанова Асел, Қуаныш Нұрбек, Байбосынова Толғанай, оқушылар Марякова Дильназ, Қонысқара Таңшолпан, Кабжалалова Ақнұр баяндама жасады. Жиын соңында қатысушылар арнайы сертификаттармен жетекшілері алғыс хаттармен марапатталды. А.Байтұрсынұлының еңбектері ешқашан тарихи маңызын жоймайды және ғылыми мұралары ұлттық санамызды кемелдендіру жолындағы рухани азық болары сөзсіз.



«Жадымда қалған Желтоқсан»

Бүгін кітапханамызда «Жадымда қалған Желтоқсан» тақырыбындағы желтоқсан көтерілісінің куәгері, мәдениет пен өнер саласын насихаттауда өлшеусіз еңбек еткен, «Кітапхана ісінің үздігі», «Қазақстанның құрметті кітапханашысы» төсбелгілерінің иегері, кітапханамыздың өнер бөлімінің меңгерушісі Әубәкірова Әлия Қарсақбайқызымен кездесу кеші өткізілді. Ис-
шараның мақсаты 1986

жылдың тарихи
маңызы, сол кездегі
тәуелсіздік жолындағы
күрес, қаһарман
жастардың азаттықты
аңсаған арман тілегін,
ерлігін насихаттау
болып табылады.

"Жадымда қалған Желтоқсан"



Әубәкірова Әлия Қарсақбайқызы

Кездесу кеші сол кездердің
ызғарлы лебі суреттелген
бейнебаяннан бастау алып,
Желтоқсан көтерілісінің
басталуы, тарихы
жайлы әңгімелеумен
жалғасты. Кеш
қонақтары үздік
өлкетанушы, қолөнер



шебері Шөптібай Байділдаұлы мен қаламыздағы дала өлкесі тарихи мұражайының ғылыми қызметкері РаяМүсілқызы өз ізгі тілектерін білдірді. Сонымен қатар іс-шара барысында желтоқсанға арнау өлеңі оқылып, патриоттық әндер шырқалды. Кереметтей тағылымды кешіміздің көрермендері Торғай гуманитарлық колледжінің студенттері болды. Қазақ халқы үшін 1986 жылғы «Желтоқсан оқиғасының» орны ерекше. Бұл көтеріліс – ұлт тарихында болған ақтаңдақтардың бірегейі. Талай боздақтарды арамыздан ерте алып кеткен қанды желтоқсан. Желтоқсандық өрендер ұмытылмайды, ерліктері мәңгілік сақталады, бұл ел тарихында кейінгі ұрпақ мәңгі қастерлеп, өтетін күн.



5 бөлім

✚ Болошаққа жоспар

Әдістеме-библиография бөлімі

- 1 «Саз өнерінің саңылағы» әнші, сазгер Қалибек Деріпсалдиннің туғанына 70 жас (1953) /Жаднама
- 2 «Замандарды жалғастырған заңғар» жазушы, қайраткер Мұрат Әуезовтың туғанына 75 жас (1943)/ Жаднама
- 3 «Өр рухты, қайсар мінезді батыр баба» халық батыры Аманкелді Имановтың туғанына 150 жыл (1873-1919)/ Библиографиялық көрсеткіш
- 4 «Өшпестей өнерде із қалдырған» әртіс Әнуар Боранбаевтың туғанына 75 жыл (1948-1999) /Жаднама

Оқу залы

- 1 « Асылдар туып, арыстар шыққан текті ел» Тархан Шақшақ Жәнібектің туғанына 330 жыл, халық батыры Аманкелді Имановтің туғанына 150 жыл, Құлан Кейкі батырдың туғанына 150 жыл, жазушы Ақан Нұрмановтың туғанына 90 жыл/ Кітап көрмесінің ашылуы
- 2 «Салт-дәстүрім ғаламат- бабалардан аманат» /фольклор кеш
- 3 «Батырлық біздің салтымыз» халық батыры Аманкелді Имановтың туғанына 150 жыл, Құлан Кейкі батырдың туғанына 150 жыл/тарихи кеш

Абонемент бөлімі

- 1 «Ауғанстан ақиқаты»/ Ерлік көрмесі
- 2 «Өлең сөздің сарқылмас дариясы» - ақын Ғафу Қайырбековтің туғанына 95 жыл (1928-1984)/Поэзия кеші
- 3 «Күдіретті қаламгер» жазушы Т. Әбдіктің шығармалары бойынша/кеш портрет

Өнер бөлімі

- 1 «Елі қадірлеген ел ағасы» Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері Жәнібек Ғапбасұлы 75 жаста (1948)/сұхбат кеш
- 2 «Әйел – әдемі құпия әлем» 08 наурыз – Халықаралық әйелдер күні/Дидаласу кеші
- 3 «Өнерлі өлкенің бір ұлы» сазгер Ғалымжан Құрмановтың туғанына 70 жыл (1953-2012)/естелік сағаты
- 4 «Татулық, бірлік – Елдігімізде!» 01 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі/презентация

Балалар әдебиет бөлімі

- 1 «Балауса балғын шақ»/Балаларды қорғау күніне арналған естелік
- 2 «Ерлік толы даламыз, батыр біздің бабамыз» халық батыры Аманкелді Имановқа 150 жыл/ерлік сағаты
- 3 «Күн шуақты жаздың кітаптағы сыры – Книжение секреты солнечного лето»/жазғы оқу бағдарламасы
- 4 «Қызықты кітаптар әлемі шақырады»/Керуен сарайы (кітап апталығы)

КММ Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы

Құрастырушы: Ерман Ж.Т.

Редактор: Ибикенова С.К.

Басылымға жауапты: Борибаева Қ.Б.

Компьютерлік терілім: Ерман Ж.Т.

Біздің мекен – жайымыз: Арқалық қаласы, Абай көшесі, 62

Телефон: 8 (71430) 7 – 09 – 16

Эл.почта: arkounb2@mail.kz, arkounb@mail.ru

Библиодайджестің шығуы

Жылына екі рет

Таралымы: 5

Көлемі: 0,3